

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HRLC4845>

Б. М. Қайдарова

Alikhan Bokeikhan University,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЭТИКЕТІН ТҮЗУШІ ФАКТОР

Аталған мақалада адам мәдениеті деңгейінің, оның ойлауының, ақыл-ойының маңызды көрсеткіштерінің бірі-оның сөйлеу мәдениеті туралы қарастырылған. Қазіргі қоғамдағы адами қарым-қатынастың маңызды тұсы – сөз сөйлеу мәдениеті. Сөз мәдениеті - бұл адамдарға бірлескен іс-әрекетте, әлеуметтік өмірде, ақпарат алмасуда, танымда, білім беруде қызмет ететіні анық. Өйткені сөйлеу - шындықты білу тәсілі. Бір жағынан, сөйлеудің байлығы көбінесе адамды жаңа идеялар мен тұжырымдамалармен байытуға байланысты; екінші жағынан, тілді жақсы білу, сөйлеу табиғаттағы және қоғамдағы күрделі байланыстарды білуге һәм шешуге ықпал етеді.

Жалпы, қазақ тілі өзінің көп мағыналылығымен, байлығымен ерекшеленеді. Осы тұрғыда латын әліпбиіне көшу-тілді жеңілдетіп, оңтайландыру жолындағы сауатты қадам. Осылайша, болашақта ағылшын тілін оқыту әдістемесін пайдаланған кезде қазақ тілінің мүмкіндіктері арта түседі.

Мақалада мәдени қарым-қатынас жасай отырып, адамдар коммуникативті міндеттерге жету бағытында дұрыс таңдау жасайтыны анықталған. Осыған орай бұл мақалада тіл білімінде екі тілді қатар жетік меңгерту амалдары арқылы тілдің маңыздылығын арттырып, студенттің сауаттылық, логикалық ойлау деңгейін күшейтуге бағыт беру көзделді. Тіл мәдениеті сөзді дұрыс, тәртібімен ғана пайдалану болып саналмайды, тіл мәдениеті эстетикалық бағдарды қамтамасыз етеді. Ол өзінің ең жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі, оның мәселелеріне игі ықпал етіп, стилистикалық норманың қалыптасуына толық мүмкіндік жасап береді. Стилистикалық нормадан тілдік норманың өзгешелігі мынада: әдеби тілдің тілдік нормасын қолдану аясы шектеулі емес. Тілдік норма жалпы қолданыстың дұрыстық сапаларын игеріп отырады.

Тілдік норманың функционалдық табиғаты варианттылықтың бар болуымен байланысты. Тілдік тәсілдердің варианттылығы әдеби тілдің функционалды-стилистикалық жіктелуін қамтамасыз етеді. Тіл нормасы белгілі жүйелілік пен бірізділікке бағынады. Әр халықта бір-біріне ортақ болып келетін лексикалық мағынасымен бірге сыпайылық мағына білдіретін сөздер көп екенін байқауға болады.

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты - тілдің табиғи (биологиялық), жеке (психикалық), қоғамдық (әлеуметтік) қызметінде оның коммуникативті және когнитивті функцияларының мәдениет деңгейінде сараланатын сөйлеу этикетінің маңыздылығына мән беріп, оның әлеуметтік ортадағы формаларына назар аударту. Сондай-ақ шет тілін тілдік білім берудің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруда авторлық тәсілдер үлгі ретінде ұсынылды.

Кілтті сөздер: ағылшын тілі, қазақ тілі, этика, сөйлеу этикеті, монолог, әлеуметтік педагогика, қарым-қатынас этикасы, тіл үйрену

Кіріспе

Бүгінгі таңда ғылым, технология және бизнесте ағылшын тілі басымдыққа ие. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев елімізде үш тілде білім беру міндетін 8 мәрте көтерді. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» - деп, халықаралық қатынас тілі - ағылшын тілін үйренудің қажеттілігін баса айтқан болатын [1].

Статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, әлемде жыл сайын 550 мың кітап, яғни кітаптардың жалпы санының 28 %-ы ағылшын тілінде басылып шығады. Сондай-ақ 114 млн. ғылыми материал ағылшын тілінде жарық көріп, оның 24 %-ы ашық қолданыста болады. Өзге тілдерге жыл сайын аударылатын кітаптардың 55 %-ы ағылшын тілінен аударылса, өзге тілдерден ағылшын тіліне 6,5 %-ы аударылады екен [2].

Тіл білімінде екі тілді қатар жетік меңгерту амалдары тілдің маңыздылығын арттырып, студенттің сауаттылық, логикалық ойлау деңгейін күшейтуге бағыт береді. Тілдің табиғи (биологиялық), жеке (психикалық), қоғамдық (әлеуметтік) қызметінде оның коммуникативті және когнитивті функциялары маңызды рөл атқарады. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі әрқашан ұлттық мәдени ерекшелікпен сипатталады, өйткені ол тарихи оқиғалардың, географиялық жағдайлардың және жекелеген халықтардың этнопсихологиялық сипаттамаларының әсерінен қалыптасады. Адамдардың бір-бірін қабылдауы стереотиптердің қалыптасқан көзқарасы арқылы жүзеге асырылады. Өйткені шет тілін түсінбеу, ым-ишарат, бет-әлпет және

мінез-құлықтың басқа элементтерінің символикасы көбінесе олардың іс-әрекетінің мағынасын бұрмалап қабылдауға ықпал етуі ықтимал, ал бұл бірқатар жағымсыз сезімдерді және кейде өшпенділікті оңай тудыруы мүмкін. Сондықтан басқа халықтар мен мәдениеттердің өкілдерімен кездескенде, адамдар әдетте олардың мінез-құлқын өз мәдениетінің ұстанымымен қабылдауы табиғи бейімділікке байланысты екендігін қаперде ұстау ләзім.

Материалдар мен әдістер

Ағылшын тілін үйренуде дәріс және тәжірибелік үрдістің ең тиімді амалдарының бірі – студентті өзіндік жұмыс жоспарын мазмұнды бағдарлауға машықтандыру. Жоғарыда айтылған қарапайым тәсілдердің негізінде оқытушы мынадай тапсырмаларды негізгі бағдар үлгісі ретінде ұсынса болады:

- тәжірибелік сабақты арнайы тақырыптық тапсырма бойынша даярлау;
- түрлі тақырыптарға сөйлем құрастырып, қысқаша баяндау мазмұнында әңгіме жазу;
- теориялық ережелерге сәйкес қазақ және ағылшын тілдерінен мысалдар келтіру;
- тілдік құбылыстарды талдау процесінде лингвистикалық сөздіктерді қолдану әдістерін игеру.

Күнделікті өмірде ең алдымен адамның сыртқы көрінісіне қарап мәдениет деңгейіне назар аударады. Мәдениет деңгейі сыртқы көрініспен қатар тілдің коммуникативті функциясы қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеу әдебін, сөз тіркестеріндегі этикет ұстанымдарын мәдениетті қолданануынан байқалады. Сөйлеу этикеті – аса маңызды үрдіс. Сөйлеу этикеті мәдениеттің барлық формаларына тән талаптардың қандай да бір ситуацияларда орынды қолданылу процесімен танылады. Этика – грек тіліндегі *etnika*, *ethos* – әдет сөзінен шыққан зерттеу объектісі адамгершілік болып табылатын философиялық ғылым. Адамның әртүрлі ортада өзін ұстай білуі мен қарым-қатынас әдеби неғұрлым табиғи болса, ол адам әрқашан жағымды әсер береді. Әсіресе екі елдің өкілдері ең бірінші рет тілдескенде алатын оң немесе теріс әсер ары қарайғы қарым-қатынасқа, келіссөздерге ықпалын тигізеді.

Ғалым Л. В. Мардахаев «Социальная педагогика» монографиясында оқытушыға қойылатын кәсіби педагогикалық такт пен этика талаптарын былайша жіктеп берген:

- мінез-құлық этикасы: өзін-өзі тануы, өмір сүру ортасында өзін танытуы және қоғамда өзін-өзі жетілдіру үрдісі;
- қарым-қатынас этикасы: басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда адамзат мәдениетін өзара байыту сферасы ауқымында көмек көрсету, ықпал ету және басқа да өзара әрекеттесу;

- отбасылық қарым-қатынас этикасы: отбасы құндылықтарын сақтау, адамгершілік қағидаларын нығайту, отбасылық қарым-қатынас мәдениетін дамыту, бала тәрбиесіне ықпалды әсер беретін харекеттер және т.с.с [3, 395-б.].

Осы талаптар орындалу үрдісінде және білім беру процесі мен өзге де қарым-қатынасқа байланысты өзара әрекеттесуде сөйлеу этикетімен тікелей байланысты екендігі түсінікті.

Қарым-қатынастың кез-келген актісінің басталуы, негізгі және қорытынды бөлімі болады. Бұл жағдайда сөйлеу этикетінің формулаларын олардың кез келгенінде қолдануға болады. Мәселен:

1. Қарым-қатынасты бастауға арналған сөйлеу формулаларына танысу, сәлемдесу, комплимент айту, яғни жылы лепес білдіру жатады:

Ағылшынша	Қазақша сөзбе сөз аудармасы	Қазақша дұрыс айтылуы
-Good morning!	- Қайырлы таң!	-Армысыздар
-Nice to see you!	- К ө р і с к е н і м і з г е куаныштымын!	-Куаныштымын. Өзіңді көріп бір жасап қалдым.
-Hello! You look great!	-Сәлеметсіз бе! Сіз керемет көрінесіз!	Сәлем! Бәрекелді, <i>құлтырып</i> кетіпсің...

2. Қарым-қатынас процесінде қолданылатын сөйлеу формулаларына алғыс, өтініш, комплимент, кешірім сұрау жатады:

Ағылшынша	Қазақша сөзбе-сөз аудармасы	Қазақша дұрыс айтылуы
-Excuse me!	-Кешіріңіз!	-Ғафу етіңіз немесе айыпқа бұйырмассыз.
-Thank you very much! -It's so pleasant to speak to you!	-Көп рақмет! -Сізбен сөйлесу өте жағымды!	- Алғысым шексіз. -Сізбен сөйлескен керемет, жақсы, тамаша (осы үш сөзің бірін қолданса болады). Өзіңді көріп, <i>көзайым</i> болып жатырмыз.

3. Қарым-қатынас процесін аяқтауға арналған сөйлеу формулаларына қоштасу, комплимент айту жатады:

Ағылшынша	Қазақша сөзбе-сөз аудармасы	Қазақша дұрыс айтылуы
-All the best! -See you soon!	- Жаксы! - Ж у ы қ т а Көріскенше!	-Жаксы. Тамаша! -Амандықта жүздескенше немесе амандықта жүздесейік деп тілек білдіреді.
- It was a great pleasure to meet such an intelligent person!	- Осындай ақылды адаммен кездесу өте қуанышты болды!	-Сіздей адаммен жолыққанымға бек ризамын.

Нәтижелер мен талқылау

Байқағанымыздай, ағылшын тіліндегі сөйлеу этикетінде қолданылатын сөздердің қазақша дәлме-дәл аудармасын қазақ тілін үйренушілерге қолдануға болмайды. Студенттерді белгілі бір қарым-қатынас жағдайында бағдарлай отырып, ойлауға және сөйлеуге үйрету керек. Ол үшін қазақ тілінің өзіндік ережелері мен нормаларына сәйкес сөйлем құрау керек екендігін ескеру маңызды. Нақтылай айтсақ, қазақ тілінде сәлемдескенде «Сіз керемет көрінесіз!», «Сізбен сөйлесу өте жағымды!», «Жуықта Көріскенше!», «Осындай ақылды адаммен кездесу өте қуанышты болды!» сынды сөз тіркестері мүлдем қолданбайды. Қазақша сәлемдесіп, хал жағдай сұрасқанда, негізінен, ашық-жарқын көңіл күй, позитивті эмоцияға көңіл бөлінеді. Көбінесе, «О, сәлем! Хал жақсы ма?», немесе «Ассалаумағалайкүм!», «Армысыздар!», «Амансызба» деп сәлемдеседі. Хал-жағдай сұрасқанда «үй-іші, мал-жан аман ба?», - деу міндетті түрде айтылады. «Мал-жан аман ба?», деу ежелден қазақтың амандық сұрасуының басты қағидасы. Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны бөлек. Қазақы ғұрыптар, әдеп, салт-дәстүр төрт түлік малмен етене байланысты.

«Сіз керемет көрінесіз» деудің орнына «Өзің құлпырып кетіпсің ғой», «Өзіңді көріп көзайым болып қалдым ғой», тәрізді көтеріңкі эмоциямен комплимент, яғни ақжарма тілегін қоса білдіреді. Сондай-ақ ескеретін тұсы, кестеде көрсетілгендей тыныс белгілеріне назар аудару қажеттігі. Қазақтар кездескенде, сөйлескенде бұйрықты интонацияны қолданбайды, яғни леп белгісі қойылмайды және «Тамаша», «Керемет» сияқты сөздерді айтқанда дауыс интонациясы әндете, созылыққы және соңғы буынға екпін түсіріле айтылады. Тағы бір ескеретін тұсы, қазақы қолданысқа ғана тән «бір жасап қалдым», «көзайым болып жатырмыз» сияқты амандық-саулықта

қолданылатын сөздерді сөзбе-сөз аудармасымен түсіндірсе болады. Мысалы, «бір жасап қалдым», «көзайым болып жатырмыз» деген сөздер «сені көргендегі өмірге ризашылық білдірген» мағынада қабылдау сыйымды.

Шетел тілдерін оқыту теориясы мен практикасының өзекті мәселелерін, сонымен қатар осы саладағы жаңа білім беру саясатының контексіндегі негізгі әдістемелік категорияларды қамтитын «Современная методика обучения иностранным языкам» атты заманауи нұсқаулықтың авторы Н. Д. Гальскова ауызша және жазбаша қарым-қатынасты дамытудағы оқу үдерісін құру заңдылықтары туралы тұшымды ойлар айтқан. Нұсқаулық шет тілдерін оқыту теориясы туралы жалпы түсінік қалыптастыру үрдісіне ғылыми бағыт беретін құрал ретінде жазылған.

Н. Д. Гальскова өз ойын былайша сабақтап берген: «Современная отечественная и зарубежная дидактика рассматривает содержания обучения не как статичную. А как постоянно изменяющуюся и развивающуюся категорию, связанную с процессом обучения. При этом в содержание обучения любому предмету, в том числе и иностранному языку, включается не только то, о чем они думают, что чувствуют и переживают, а также те психические процессы, которые протекают в из «головах», когда один раскрывает, а другой осваивает мир иной национальной культуры» [4].

Авторлық тәсілдің жаңалығы шет тілін (академиялық пән ретінде) жасанды тілдік ортада тілдік білім берудің құрамдас бөлігі ретінде қарастыратындығында.

Біз өз бағдарламамызда ағылшын тілі мен қазақ тілінің күнделікті қарым-қатынас үрдісінде қолданудағы қарапайым тәсілдерінің бірі монологтік сөйлеуге мән береміз. Өйткені, монологтік сөйлеуде грамматикалық конструкция заңдылықтары сақталып, тиянақты ой қорытындысы жасалады. **Монолог** – гректің monos – бір, жеке және logos сөз, сөйлеу деген ұғымдардан шыққан. Яғни бір адамның сөйлеуі. Бұл дұрыс және сауатты сөйлей білу этикасына негізделіп, өзіңіздің жақсы қырларыңыздан көрініп, жақсы қасиеттеріңіз арқылы жағымды әсер қалыптастыруға көмектеседі. Сөйлеуші шет тілінде шет тілінде сөйлескен кезде толқитыны табиғи құбылыс.

Тілдік тосқауылдар оның нақты айтар сөзіне логикалық сауалдар төңірегінде ойлану қажеттігін жүктейді. Сондықтан, өзі туралы ағылшын тілінде әңгімелеуде айтар сөзін анық жүйелеп, қысқа да нұсқа, түсінікті айтудың бірнеше бағытын ұсынамыз. Мысалы, өзіңіз туралы монолог қашан қажет болады? Егер сіз өзіңізді жаңа әріптестерге таныстырсаңыз, онда жеке қасиеттеріңізге назар аудару орынды болады.

Әңгімеге не қосу керек?

1. Алғашқы кездесуде сіз өзіңіз туралы негізгі ақпаратты атап өтуіңіз керек. Ағылшын тіліндегі классикалық өмірбаян презентацияны қамтиды

(«*my name is...*» «менің атым...» сияқты). Әрі қарай, сіздің монологыңыз көпшілікке және тыңдаушыларға байланысты аз айырмашылықтарға ие болады.

Ағылшын тіліндегі монолог типтік *let me introduce myself , I would like to speak about my biography* сөздерден басталады. Сондай-ақ өзінің жас шамасын («*I'm 35 years old*») айтып өту орынды саналады.

2. Тұрғылықты жерін атап өтсе, мынадай сөз тіркестерін қолдануға болады: *I'm from Semey; I live in ...; I was born in ...; My hometown/home village..., my biography begun in...*

3. Отбасын таныстырғанда ата-анасын, апа-сіңлілері, аға-інілер, күйеуі, әйелі, балалары, сондай-ақ олар не істейтіні туралы айтады. Мысалы: *My family consists of ... members...; I have children, brothers, sisters...; My father\mother is*

4. Білім. Білім туралы айтқанда, келесі сөз тіркестерін қолданыңыз: *I have higher\secondary education; I studied at ...; I'm graduated from...; I'm ... by profession;*

5. Жұмыс. Қайда жұмыс істейтіні, қандай кәсіби дағдылары туралы айтқанда келесі тіркестер көмектеседі: *I worked at ... ; My work experience accounts ...; I have the following skills...*

6. Өзінің мінезін, жеке қасиетін сипаттауда келесі тіркестер қолданылады: *Hard-working; Sociable; Friendly; Compromising; Diligent; Attentive; Responsible; Open-minded; Have a good sense of humor; Polite; Have\do not have bad habits.*

7. Қызығушылығы. Өзіңіз туралы тереңірек түсінік беру үшін сізге не ұнайтынын айтыңыз. Мәтінде келесі тіркестер болуы мүмкін: *I'm fond of\keen on/crazy about dance; play music; read books; write songs/stories; do sport.*

Сөйлеу этикетінің нормаларына сәйкес, қысқаша мынадай мәтінді үлгі ретінде ұсынуға болады: *Let me introduce myself. My name is Baturkhan. I'm 32 years old. I was born in Semey, but now live in Nur-Sultan. My parents live in a small village near Semey. I'm the only child in the family. I have two lovely kids. I was graduated from the university and worked as an engineer at the factory. My work experience accounts 7 years. What concerns my character and skills, I'm very hard-working, responsible, diligent, and social person with a good sense of humor. In the pastime, I'm crazy about fishing and cars repairing. That's all about myself.*

Монологтік тәсілде ауызша түсіндіру арқылы тыңдаушының ойын, назарын аударып, дерексізден деректіге қарай ұғындыру амалы мен тәсілі басымдықта болады. Сондықтан объектінің өзіндік белгілеріне қарай атылатын ой анық, дәл және ықшам болуды талап етеді. Ағылшын тілінде өзін таныстыру, қысқаша монолог құру мен қазақ тілінде өзін таныстыру,

монолог құруда біршама өзгерістер бар. Мәселен қазақтар өзін таныстырып, туған жері, тұрғылықты жері мен отбасы туралы айтқанда көбінесе «біз» деген сөзді қолданады. Мысалы: «Менің отбасымда әкем, анам, қарындасым бар» демейді, «Біздің отбасымызда әкеміз, анамыз және қарындасым бәріміз бірге тұрамыз» немесе «Біз Тарбағатай ауылынан Семейге көшіп келдік», -деп, түсіндіріле айтылады.

Қорытынды

Сөйлеу этикеті – ұлттық тіл мен мәдениеттің бір бөлігі. Ұлттық сөйлеу этикетіндегі сәйкессіздіктер туралы білу өте маңызды. Ағылшын тілінде сөйлеу этикеті тек ағылшындардың өздері үшін ғана емес, сонымен қатар барлық ағылшын тілін шет тілі ретінде үйренушілер үшін маңызды. Сондай-ақ ағылшынша сөйлеу этикеті ерекше және өзіндік ережелері мен нормалары бар. Қазақша сөйлеу мәдениетінің ерекше тұстарын мысалға ала отырып, салыстыра тоқталып өттік. Ол да тіл үйренушілер үшін тиімді тұсы болады деп топшылаймыз. Сондықтан тіл үйренуде сөйлеу этикетін әдеттегі (мекенжай, сәлемдесу, танысу, қоштасу, кешірім, ризашылық, құттықтау, тілек, комплимент, жанашырлық, көңіл айту) сияқты коммуникативті жағдайлармен байланысты қарастыру ұтымды. Өйткені, коммуникативті жағдайлар сөйлеу этикетінің табиғи және шектеулі актілерінің ерекше класын құрайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Гузикова, М. О.** Основы теории межкультурной коммуникации : [учеб. пособие] / М. О. Гузикова, П. Ю. Фофанова ; М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. – Екатеринбург : Издво Урал. ун-та, 2015. – 124 с

2 **Ырсалиев, С. Ә, Қарабасова, Л. Ш, Мұхаметжанова, Ә. З, Әділ, А. Б, Бекова, М. А, Нұрланов, Е. Б.** 0-64 Үш тілде білім беруді ұйымдастыру: халықаралық тәжірибе және Қазақстанға арналған ұсыныстар / Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде -«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, Астана, 2017. – 184 б.

3 **Мардахаев, Л. В.** Социальная педагогика: учебник для студ. Высш. Учеб. Заведений. –Москва: Издательство РГСУ, 2013. – 416 с. – (Социальное образование XXI века).

4 **Гальскова, Н. Д.** Современная методика обучения иностранным языкам. Пособие для учителя. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : АРКТИ, 2003. – 192 с. – (Метод. биб-ка).

5 **Князев, С. В., Пожарицкая С. К.** Современный русский литературный язык: Фонетика, орфоэпия, графика и орфография: Учебное пособие для

вузов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : Академический Проект; Гаудеамус, 2011. – 430 с.

6 **Горелова, О. В.** Методика преподавания русского языка : учебно-методическое пособие / О. В. Горелова ; [науч. ред. В. К. Приходько]. - Хабаровск : Издво Тихоокеан. гос. ун-та, 2019. – 152 с.

7 **Утешева, А. Ж.** Сөйлеу мәдениеті : оқу құралы.- Шымкент : ХГТУ, 2021. – 80 б.

8 **Кондрашова, Н. В., Кокошникова, Н. А., Мерзлякова, Е. В., Сизова Т.Ф.** Русский язык как иностранный. Русский язык в профессиональной деятельности: информационные технологии: Учебное пособие. – СПб: Университет ИТМО, 2019. – 170 с.

9 **Солонцова, Л. П.** Современная методика обучения иностранным языкам (общие вопросы, базовый курс): Учебник . для студентов педагогической специальности и преподавателей иностранных языков разных типов образовательных учреждений/Солонцова Людмила Павловна/. – Алматы Эверо, 2015. – 373 с.

10 **Оберемко, О. Г., Миронова, О. А.** Лингвострановедение : язык, культура, мир: Учебное пособие для студентов факультетов очно-заочного (вечернего) обучения. 2-е изд., перераб. и доп. – Н. Новгород: НГЛУ, 2017. – 68 с.

References

1 **Guzikova, M. O.** Osnovy teorii mezhhkul'turnoy kommunikatsii : [ucheb. posobiye] / M. O. Guzikova, P. YU. Fofanova ; M-vo obrazovaniya i nauki Ros. Federatsii, Ural. feder. un-t. –Yekaterinburg : Izd vo Ural. un-ta, – 2015. – 124 p.

2 **Y'rsaliev, S. Ə, Karabasova, L. Sh, Myxametzhanova, A. Z, Adil, A. B, Bekova, M. A, Nyrlanov, E. B.** 0-64 Ysh tilde bilim berudi yjy`mdasty`ru: xaly`karaly`k tazhiribe zhane Kazakstanfa arnalgan ysy`ny`star [Organization of trilingual education: international experience and recommendations for Kazakhstan / in Kazakh, Russian and English]/ Kazak, ory`s zhane agy`lshy`n tilderinde –«Akparatty`k-taldau ortaly`gy`» АҚ, Astana, – 2017. –184 p.

3 **Mardaxaev, L. V.** Social`naya pedagogika: uchebnik dlya stud. Vy`ssh. Ucheb. Zavedenij.[Social pedagogy: textbook for students. Higher. Studies. Establishments] – Moscow: Izdatel`stvo RGSU, – 2013. – 416 p. – (Social`noe obrazovanie XXI veka).

4 **Gal`skova, N. D.** Sovremennaya metodika obucheniya inostranny`m yazy`ka.[Modern methods of teaching foreign languages. Teacher`s manual] Posobie dlya uchitelya.– 2-e izd., pererab. i dop. – Moscow : ARKTI, – 2003. – 192 p. – (Metod. bib-ka).

5 **Knyazev, S. V., Pozharitskaya, S. K.** Sovremennyy russkiy literaturnyy yazyk: Fonetika, orfoepiya, grafika i orfografiya: Uchebnoye posobiye dlya vuzov. – 2-ye izd., pererab. i dop. – Moscow : Akademicheskii Proyekt; Gaudeamus, – 2011. – 430 p.

6 **Gorelova, O. V.** Metodika prepodavaniya russkogo yazyka : uchebno-metodicheskoye posobiye / O. V. Gorelova ; [nauch. red. V. K. Prikhod'ko]. – Khabarovsk : Izdvo Tikhookean. gos. un-ta, 2 0 1 9 . – 152 p.

7 **Wteşeva A. J.** Söylew mädeniети : oqw quralı. – Şimkent : XGTW, 2021. – 80 p.

8 **Kondrashova N. V., Kokoshnikova N. A., Merzlyakova, Ye. V., Sizova, T. F.** Russkiy yazyk kak inostrannyy. Russkiy yazyk v professional'noy deyatel'nosti: informatsionnyye tekhnologii: Uchebnoye posobiye. – SPb : Universitet ITMO, – 2019. – 170 p.

9 **Solontsova L. P.** Sovremennaya metodika obucheniya inostrannym yazykam (obshchiye voprosy, bazovyy kurs): Uchebnik . dlya studentov pedagogicheskoy spetsial'nosti i prepodavateley inostrannykh yazykov raznykh tipov obrazovatel'nykh uchrezhdeniy/Solontsova Lyudmila Pavlovna/. – Almaty Evero, – 2015. – 373 p.

10 **Oberemko O. G., Mironova O. A.** Lingvostranovedeniye: yazyk, kul'tura, mir: Uchebnoye posobiye dlya studentov fakul'tetov ochno-zaochnogo (vechernego) obucheniya. 2-ye izd., pererab. i dop. – N. Novgorod : NGLU, – 2017. – 68 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

Б. М. Кайдарова

Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

КУЛЬТУРА РЕЧИ КАК ФАКТОР, ФОРМИРУЮЩИЙ ЭТИКЕТ ОБЩЕНИЯ

В данной статье рассматривается один из важнейших показателей уровня культуры человека, его мышления, интеллекта - культура его речи.

Важным моментом человеческого общения в современном обществе является культура речи. Очевидно, что культура слова служит людям в совместной деятельности, общественной жизни, обмене информацией, познании, образовании. Ведь речь - это способ

познания действительности. С одной стороны, богатство речи во многом зависит от обогащения человека новыми идеями и понятиями; с другой стороны, хорошее знание языка, речь способствует познанию сложных связей в природе и обществе.

В целом, казахский язык отличается многогранностью, богатством. В этом контексте переход на латиницу - грамотный шаг на пути упрощения и оптимизации языка. Таким образом, в будущем, при использовании методики преподавания английского языка, возможности казахского языка возрастут.

В статье определено, что, общаясь культурно, люди делают правильный выбор в направлении достижения коммуникативных задач. В связи с этим, в данной статье предусмотрено повышение значимости языка в языкознании путем параллельного овладения двумя языками, повышение уровня грамотности и логического мышления студента. Языковая культура не считается правильным, правильным использованием слова, культура языка обеспечивает эстетическую ориентацию. Она на самом высоком уровне соприкасается со стилистикой, благоприятно воздействует на ее проблемы, дает полную возможность для формирования стилистической нормы. Отличие языковой нормы от стилистической заключается в том, что сфера применения языковой нормы литературного языка не ограничена. Языковая норма овладевает правильными качествами общего употребления. Функциональная природа языковой нормы связана с наличием вариативности. Вариативность языковых подходов обеспечивает функционально-стилистическую классификацию литературного языка. Языковая норма подчиняется определенной последовательности и последовательности. Можно заметить, что в каждом народе существует множество слов, выражающих вежливое значение вместе с общим лексическим значением.

Основная цель научной статьи - акцентировать внимание на значимости речевого этикета, дифференцируемого на уровне культуры коммуникативных и когнитивных функций языка в его естественной (биологической), индивидуальной (психической), общественной (социальной) деятельности, на его формах в социальной среде. Также, в качестве примера были представлены авторские подходы к рассмотрению иностранного языка как составной части языкового образования.

Ключевые слова: английский язык, казахский язык, этика, речевой этикет, монолог, социальная педагогика, этика общения, изучение языка.

B. M. Kaidarova

Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey

Material received on 12.12.22.

THE CULTURE OF SPEECH AS A FACTOR SHAPING THE ETIQUETTE OF COMMUNICATION

This article discusses one of the most important indicators of the level of culture of a person, his thinking, intelligence - the culture of his speech.

An important point of human communication in modern society is the culture of speech. It is obvious that the culture of the word serves people in joint activities, social life, information exchange, knowledge, education. After all, speech is a way of knowing reality. On the one hand, the richness of speech largely depends on the enrichment of a person with new ideas and concepts; on the other hand, good knowledge of the language, speech contributes to the knowledge of complex connections in nature and society.

In general, the Kazakh language is distinguished by its versatility and richness. In this context, the transition to the Latin alphabet is a competent step towards simplifying and optimizing the language. Thus, in the future, when using the methods of teaching English, the possibilities of the Kazakh language will increase.

The article determines that by communicating culturally, people make the right choice in the direction of achieving communicative tasks. In this regard, this article provides for increasing the importance of language in linguistics by simultaneously mastering two languages, increasing the level of literacy and logical thinking of the student. The culture of language is not only the correct, orderly use of a word, the culture of language provides aesthetic orientation. At its highest level, it connects with Stylistics, has a good influence on its problems and provides full access to the formation of stylistic norms. The peculiarity of the language norm from the stylistic norm is that the scope of application of the language norm of the literary language is not limited. The language norm learns the correct qualities of general use. The functional nature of the language norm is related to the presence of variation. The variability of language approaches provides a functional and stylistic classification of the literary language. The language

norm is subject to a certain regularity and consistency. It can be seen that each nation has a lot of words that express a polite meaning, along with a common lexical meaning.

The main purpose of the scientific article is to focus on the importance of speech etiquette, differentiated at the cultural level of the communicative and cognitive functions of language in its natural (biological), individual (mental), public (social) activities, on its forms in the social environment. Also, as an example, the author's approaches to the consideration of a foreign language as an integral part of language education were presented.

Keywords: English, Kazakh language, ethics, speech etiquette, monologue, Social pedagogy, ethics of communication, language learning.

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz